

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті


Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов

« 2 » 06 2023 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

«Алматы қаласында қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлер»

6B07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған



Зейдин А.Б.

Рецензент

Жобаның жасаушысы: VI Group
Мамбетов И.

« »

2023 ж.



Ғылыми жетекші

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

 Кусбекова М.Б.

« 2 » 06 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы


6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.Ғ.Д., қауымдастырылған

профессор

 Д.А. Ахметов
« 2 » 06 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Зейдин Айгерім Бақытқызына

Тақырыбы: «Алматы қаласында қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлер»

Университет ректорының «23» қараша 2021 ж. №408-п - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 10 » мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Алматы қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, негізгі құрылымдары темірбетоннан жасалған.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның) жылутехникалық есебі;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік жүктемелерді анықтау, аражабын тақтасын есептеу және жобалау;

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карталарды әзірлеу (жер жұмыстары), құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;

г) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 5 парақ;

2. Ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;

3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ;


Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылутехникасы;

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023г.-20.02.2023г.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023г. - 26.03.2023г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023г. - 30.04.2023г.		
4	Экономикалық				01.05.2023-07.05.2023	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023г.-15.05.2023г.				
6	Антиплагиат	16.05.2023г.-30.05.2023г.				
7	Нормобақылау	10.05.2023г.-17.05.2023г.				
8	Сапаны бақылау	18.05.2023г.-30.05.2023г.				
9	Қорғау	01.06.2023г.-12.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Кусбекова М.Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	2.06.2023	
Есептік-конструктивтік	Кусбекова М.Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	2.06.2023	
Ұйымдастыру-технологиялық	Кусбекова М.Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	2.06.2023	
Экономикалық	Кусбекова М.Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	2.06.2023	
Нормобақылау	Тенгебаев Н.Е., т.ғ.м, оқытушы	2.06.23	
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м, аға оқытушы	2.06.2023	

Ғылыми жетекшісі  Кусбекова М.Б.

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы  Зейдин А.Б.

Күні « 2 » 06 2023 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тақырыбы "Алматы қаласында қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлер".

Дипломдық жұмыста 4 бөлімнен құралады.

Сәулеттік-құрылыстық, есептік-конструктивтік, технологиялық бөлім, экономикалық бөлімдер. Құрылыс алаңының табиғат жағдайын, климатын және геологиясын зерттеп, темірбетон конструкциясын есептеп, арматурасын қабылдадым. Құрылыс үшін жалпы шығынды есептеп шығардым.

Дипломдық жұмыс барысында AutoCAD 2021, Лира-САПР 2019, Смета РК, MS Excel бағдарламаларын қолдандым.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы «Многоквартирный жилой дома с объектами обслуживания в г.Алматы».

Дипломная работа состоит из 4 частей.

Архитектурно-строительный, расчетно-конструктивный, технологический отдел, экономический отдел. Я изучил природные условия, климат и геологию строительной площадки, рассчитал железобетонную конструкцию и принял арматуру. Я рассчитал общую стоимость строительства.

При дипломной работе использовал программы AutoCAD 2021, Лира-САПР 2019, Смета РК, MS Excel.

ANNOTATION

The topic of diploma is "Multi-apartment residential buildings with service facilities in Almaty".

The thesis consists of 4 parts.

Architectural and construction, design and construction, technological department, economic department. I studied the natural conditions, climate and geology of the construction site, calculated the reinforced concrete structure and accepted the reinforcement. I calculated the total cost of construction.

During the thesis, I used the programs AutoCAD 2021, Lira-SAPR 2019, Smeta RK, MS Excel.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Сәулеттік-аналитикалық бөлімі	8
1.1 Құрылыс ауданының климаттық сипаттамалары	8
1.2 Құрылыс ауданының геологиясы	9
1.3 Сәулет жоспарлау шешімі	9
1.4 Ғимараттың іргетасы	10
1.5 Конструктивтік шешімі	11
1.6 Ғимараттың инженерлік жүйелері	12
1.7 Энерготиімділігі	12
1.8 Жылутехникалық есебі	13
2 Ғимараттың негізгі конструктивтік есебі	15
2.1 Ғимараттың конструктивтік шешімі	15
2.2 Жүктемелер үйлесімі	15
2.3 «Лира-САПР» бағдарламасындағы есептік сызба	19
2.4 Аражабын есебі	19
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы	26
3.1 Жұмыс көлемін анықтау	26
3.2 Жер жұмыстары процесінің кешенді механикаландырылған әдістерін таңдау	28
3.2.1 Жұмыс өндіру бойынша технологиялық схемасын құру	30
3.2.2 Автосамосвал санын анықтау	31
3.3 Жер асты суларын жасанды тарту және дренаж таңдау	33
3.4 Кран таңдау.	34
3.5 Жүк қармауыш құрылғыларды таңдау және есептеу	36
3.6 Қалыптау жұмыстары	36
3.7 Құрылыс-монтаж жұмыстарындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	37
3.8 Құрылыс бас жоспары	38
3.9 Уақытша инженерлік жүйелер	39
4 Экономикалық бөлім	44
4.1 Құрылыстың жалпы құнының сметалық есебі	44
Қорытынды	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47
Қосымша А	48
Қосымша В	56

КІРІСПЕ

Алматы Қазақстандағы ең ірі қалалардың бірі. Адам саны көп шоғырланған қала болғандықтан, құрылыс жылдан-жылға салынып, дамып келеді. Көп қабатты тұрғын үйді жобалау кезіндегі маңызды міндеттердің бірі мемлекеттік функцияларды қосу, функционалдық үйлесім реті болып табылады.

Қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлер – отандық сәулет саласында ғимараттың эстетикалық мәнерлілігіне қол жеткізіп қана қоймай, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық қызмет көрсетудің халық үшін ыңғайлы екені сөзсіз. Қала құрылысы үшін жағдайлар ең маңызды фактор болып табылады, бірақ көпқабатты тұрғын үй құрылымы бір қалалық мекендеу ортасын жасайды.

Қазіргі таңда ғимарат құрылысы ұдайы дамып отырғандықтан да, көпқабатты ғимараттар көптеп салынуы жеріміз дұрыс пайдалану үшін де ыңғайлы болып табылады. Қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлердің көп болуының да бір пайдасы осы халықтың дамуына қолайлы мектеп, бала-бақшаны алысқа қатынап оқуының алатын уақытын үнемдеуде болып табылады.

Қаламыздың дамуына үлес қосатын жас буындағы құрылысшы ретінде өзімнің осы дипломдық жұмысымда сіздердің назарларыңызға заманауи қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйдің жобасын ұсынатын боламын.

1. Сәулеттік – аналитикалық бөлімі

1.1 Құрылыс ауданының климаттық сипаттамалары

"Алматы қаласында қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйлер" тақырыбындағы дипломдық жұмыс Қазақстан Республикасының аймағында қолданылатын ережелер мен нормаларға сай жасалды. Нормалардағы ереже бойынша Алматы қаласының сейсмикасын, жарылғыштық, өрт қаупін ескере отырып, апаттың алдын алуға, сақтануға қол жеткіземіз.

Алматы қаласының климаты континенталды, бұл таулы аймақ, биіктік белдеулерінің әсерімен сипатталады, әсіресе тау беткейлерінің жазыққа қарай түскен аймағында орналасқан яғни қаланың солтүстік бөлігінде айқын байқалады.

Құрылыс орны ҚР ҚНЖЕ 2.04.01-2001 бойынша III-B, тұрақты қар жамылғысы және ыстық жазымен сипатталады.

Қыстың орташа температурасы:

Ең суық бес күндік орташа температурасы -25°C

Ең суық тәулік үшін температурасы -28°C

Қар 1м² жамылғысының жердің горизонталь бетінің салмағы S_o (кПа) – 0,7 кПа (ҚР ҚНЖЕ 2.04.01-2001).


Құрылыс ауданының сейсмикасы – 9 балл

Ғимараттың отқа төзімділік дәрежесі – II (ҚР ҚНЖЕ 2.04.01-2009).

Тұрғын үй ғимаратының жіктелуі – IV класс (ҚР ҚНЖЕ 3.02.43-2007 кесте 1).

1.1 Кесте - Алматы қаласы бойынша жел раушанын есептеу

Бағыттар	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	СБ	Б
Қаңтар	9	12	7	23	16	20	7	6
Шілде	5	11	6	45	17	8	4	4



Сурет 1.1 – Алматы қаласының жел раушаны

1.2 Құрылыс ауданының геологиясы

Құрылыс алаңының сусымалы топырақ қабаттары – саз, қиыршық тас, қиыршық тасты топырақ, құмнан тұрады. Саздың шөгуі сарғыш-сұр түсті, консистенциясы жартылай қатты. 18 м тереңдікке дейін жер асты суларының деңгейі анықталмаған. Жер асты суларының күтілетін тереңдігі жер бетінен бірнеше ондаған метрді құрайды және олар құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайына айтарлықтай әсер етпейді. Сондықтан іргетас ретінде құмды толтырғышы бар қиыршық тасты топырақ ұсынылады. Қиыршық тасты топырақтар үшін стандартты мұздату тереңдігі – 95см, ал сусымалы және сазды топырақтар үшін – 136см.

Іргетас негізінің топырағының физика-механикалық сипаттамалары: топырақ тығыздығы – $2,26\text{т/м}^3$, деформация модулі – 780кгс/см^2 . Портландцементке суға төзімділігі бойынша W4 – сыныптағы бетон және темірбетон конструкцияларына сульфаттар мен хлоридтердің құрамына топырақтың агрессивті әсер ету дәрежесі аздап агрессивті.

Құрылыс ауданының геологиясы егжей-тегжейлі:

1) Сусымалы топырақ қабаты – саз, қиыршық тастар, малтатас, құм және құрылыс қоқыстары;

2) Топырақ қабаты – өсімдік қабаты – қарашірік.

3) Сарғыштау-сұр түсті, жартылай қатты консистенциялы шөгу сазды қабат;

4) Сазды толтырғышы бар малтатас топырақты қабаты;

5) Құмды толтырғышы бар қиыршық тасты топырақ қабаты;

Бесінші қабатта жақсы дөңгелектенген және гранитті құрамды жыныстармен ұсынылған.

1.3 Сәулет жоспарлау шешімі

Қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үй нөлдік белгіден жоғары он төрт қабат және нөлдік белгіден төмен екі қабатты құрайды. Ғимарат жоспарлау тұрғысынан көпқабатты тұрғын үйлер жоспары бойынша тіктөртбұрышты, өлшемдері $32,1 \times 17,9\text{м}$. Сыртқы қабырғалары: жер асты қабаттарында – монолитті темірбетон қабырғалары, қалыңдығы – 300 мм, ал, жер үсті қабаттарында сыртқы қабырғалар – монолитті темірбетон, қалыңдығы 200, 300, 400 мм, әрі жылу сақталуы үшін жылу блоктары – 200 мм.

Баспалдақ – монолиттен жасалынған, қалыңдығы 80 мм ді құрайды.

Лифтті шахта – монолитті темірбетон, қалыңдығы 200 мм-лік, негізгі қабырғалармен біріктірілініп салынған.

Әр жеке пәтерлер тұрғын үшін болып саналады және қоғамдық аймаққа бөлу заңы сақталып жоспарланған. Барлық пәтерлер қалыпты инсоляцияға сай және ғимараттың екі бетіндегі де орналасқан бөлмелері балкондармен жабдықталған, балкондар бірінші қабатта жоқ. Әр пәтерде ас үй бөлмесі,

жуынатын бөлме және әжетханалар бар. Балкондары 1 метрлік биіктіктегі қабырғалармен және қоршаулағыштармен жабдықталып қоршалған. Қалған бөлмелерде терезе ойықтарымен, пәтерішілік аралығындағы дәліздерді әйнектелген терезе ойықтары арқылы табиғи жарықтандырылады. Жоба жобалану барысында құрылыс ережелері ескеріле отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедек жандар үшін қолжетімді жағдай жасау шаралары қарастырылды. Халық арасындағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін және де әлеуметтік дене белсенділігі төмен топтар үшін, ғимарат құрылысында барлық стандарттық талаптарды ескере отырып, жағдай жасалынып қол жетімділігіне қарай жаяу жүргіншілер жолы мен автокөлік жолының үздіксіздігі кесірінен, мүгедек топтар үшін аймақтарымыз сақталған.

Пәтер ішілік, сыртқы есіктер барлығының есіктері эвакуацияландыру бағытына қарай ашылады.

Эвакуация жолақтарындағы қабырға мен төбелер материалдары өте қиын жанатын не болмаса жанбайтын материалдардан әрленуі қажет. Сырт жақтан әкелінетін материалдар үшін ішкі ғимарат әрлеу үшін керекматериалдарға мемлекеттік өртке қарсы мекемелерден және де қаладағы СЭС бөлімінен рұқсат беру қағазын, материал сапасы жайын да сертификатты алу мі, материал сапасы жайын да сертификатты алу міндеттеледі.


1.4 Ғимараттың іргетасы

Іргетас жердің бетінен төменде орналасқан құрылымдарды жер асты бөлігі деп атайды, түсетін жүктемелерді жер асты бөлігінен, жердің үсті бөлігіне алып, оны негізге өткізуді тасымалдайды.

Іргетастан жүктемені қабылдайтын әрі сонымен бірге деформацияланатын топырақтың көлемін база жұмыс бөлігі болып аталынады. Бұл көлем негізі тұрақсыз, жүктеменің мөлшеріне және пішініне, құрылыс алаңымыздың топырақ қасиетіне байланысты.

Құрылыс алаңымыздың геологиясына тоқталдық, ғимарат топырақтың киыршық тасты топырақ қабатында орналасады.

Іргетас түріне таяз іргетас түрі – тақталы іргетас қабылданды.



Сурет 1.2 – Тақталы іргетастың қабат құрылысының схемасы

Кішігірім іргетастарды пайдалану топырақтың жергілікті деформациясына қабылдауға жауап беруші және барлық жүктемені ғимарат периметрі бойынша қайта бөлетін іргетастың бүкіл элементтерін біртұтас қатаң құрылым етіп біріктіруді білдіреді.

1.5 Сәулет конструктивтік шешім

Тұрғын үйдің қабаттарының биіктігі: жер асты – 4,00м, бірінші жер үсті – 4,20м, біріншіден төмен жер үсті – 3,00м тұрады. Ғимараттың қаңқасы біркелкі монолиттен және көпқуысты плитадан тұрады. Көп қуысты тақта қимасы 200 мм. Іргетастың түрі таспалы, жертөледе қалыңдығы 300 мм төгілген.

Ғимараттың іргетасы плиткалы, монолитті темірбетоннан жасалынған. Жертөленің қабырғалары монолитті темірбетоннан жасалған.

Іргетас ғимараттың ең маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Осы ғимараттың беріктігі, тұрақтылығы және деформацияланғыштығы көбінесе осы негізге байланысты.

Ғимарат салынбас бұрын, құрылыс үшін қолданылатын бетонды зерттеу лабораториясынан өткіземіз. Бетонның беріктігін бұзылмайтын әдіс арқылы зерттеуден өткізуіміз қажет. Бетонның сығылуға беріктігін барлық әдіспен тексеру арқылы біз ғимараттың да беріктікке жауаптылығын біле аламыз. Материал қабылдаудағы талаптарына келетін болсақ, бетон класы C20/25 тен кем болмауы қажет.

Минималды диаметрі тік арматураның есеппен алғандағы мәні подвал белгісіндегі мен жоғарғы алтыншы қабатқа дейін – 12мм ден көп, ал қалған жоғарғы қабаттар үшін – 10мм ден көп болуы қажет.

Минималды диаметрі көлденең арматураның есеппен алғандағы мәні барлық қабаттар үшін – 8мм ден көп болуы қажет.

Ғимарат шатырында жауын-шашын толтырылған суларды және қар ерітінділерінен жинақталған суларды кәріз жүйесі және суағарлар бойынша тасымалданатын, артық суды шығарып тастауға арналған суағарлар бар.

Терезелер орналасу ретіне қарай ғимаратқа табиғи жарықтың да түсуін ескеріле отырып, өлшемдері әртүрлі металлдыпластикалық материалдардан жасалынған.

Ғимарат ішіндегі барлық пәтерлердің сыртқы есіктері металлдан жасалынған, ал пәтер ішінаралық бөлмелердің есіктері ағаштан жасалынған.

Проекттің бас жоспарынан бөлек айналасында аймақтарда толығымен көгалдандыру, гүлдендіру, көп жапырақты ағаш егу, абаттандыру шаралары ұйымдастырылған.

Өртке қарсы іс-шаралар. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу және өртке қарсы шаралары ұйымдастырылған. Апатты жағдайда сыртқа шығу картасы, қосымша есіктер ескерілген. Өрт қауіпсіздігі бойынша ғимаратымызға өртке жануы қиын материалдар қолданылған. Өрт шығуына басты себеп болуы мүмкін ток

сымдары едендерде жасырын жайғастырылған. Розеткалар үшін қысқа тұйықталу барысында электр тогы автоматты түрде қосқышынан ажыратылады.

Ғимаратты жылумен қамтамасыз ету, желдетілуі, вентиляциялық ауа айналымдары. Барлық пәтерлерді жылумен қамтуда құбыр жүйелері еден құрылымында жүргізілген, коридорлар мен баспалдақтарда вертикалды бір құбырлы жылумен қамту құбырлары жүргізілген.

Ғимаратты сумен қамту, кәріз жүйелерімен қамту. Ғимаратты сумен қамту жүйесі барлық пәтер үшін жалпы қалалық су жүйесінен жеке тарту бойынша қарастырылған. Жалпы ғимаратты ыстық сумен қамту орталықтандырылатын су жертөле арқылы жеке пәтерлерге насос көмегімен таратылған.

Ғимаратты электр ток жүйесімен қамтамасыз ету. Жарық жүйелерін пәтерлерге тарату үшін техникалық қабатта шкафтағы электроқалқандар орналастырылған. Электр тогының қуаты 220 вольтпен 380 вольтқа дейін қуатпен жеке бөлмелерге таратылған. Бұл токтарды мыс сым кабельдері арқылы таралу орындалған.

1.6 Ғимараттың инженерлік жүйелері

Қоғамдық, өндірістік ғимараттардың жайлылығы үшін инженерлік жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Барлық пәтер үшін ыңғайлы температура, ылғалдылық, таза ауа мен су, су құбырлары, электр энергиясы болуы шарт.

Ғимаратымыздың инженерлік жүйелерінің біріне санитарлық-техникалық жүйелері жатады:

- Сумен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету жүйелері, ВВ;
- Вентиляциялармен жылу, газ жабдықтау және желдетудің жүйелері, ТГВ;
- Жылытумен қамтамасыз ету жүйелері;

Сумен жабдықтаудың өзі әртүрлі мақсатта ғимаратымызды суық сумен және ыстық сумен тұтынуға, сырттағы кәріздерге ағынды суларды жіберуді қарастырады.

Мақсатына қарай жүйелерді бөлу:

- Ішуге жарамды шаруашылықтағы ауыз су В1;
- Өртке қарсы жүйелер В2;
- Өндірістік су жүйесі, белгіленуі бойынша В3-В11;


Ғимаратымызды сумен жабдықтау үшін суымыздың қажеттілігінің сапасына кепілдік беретін қалалық сумен жабдықтау құбырларын қолдандық.

1.7 Энерготімділігі

Ғимараттың оңтүстік жағында – күн жылуын барынша пайдалану үшін шыныдан жасалынған әйнектер қойылған. Ғимарат солтүстік жарты шарда орналасқандықтан, оның терезелері оңтүстікке қарай бағытталған болады.

Табиғат ресурсының сарқылмас байлығын тиімді пайдалану мақсатында, күн энергиясын үйдің күнге қарайтын әйнектерін – тікелей күн жылытуы арқылы енеді және ғимараттың оқшауланған қабықшасының ішіндегі беттерге сіңеді.

Бұл ғимараттың ішкі бөлігіне энергияны қайта тарататын қыздырылған беттер, ондағы ауаның температурасы көтеріледі, осылайша күн энергиясы алынатын болады.



Сурет 1.2 – Күн сәулесінің түсуін тиімді пайдалану

Жылудың бір бөлігі дереу пайдаланылса, қабырғалар, едендер, төбелері мен жиһаздар үшін жылу сәулелері жайлап түссе, түнгі уақытта да ай сәулесінің қатты түсуінен де қорғайды. Дегенмен, көлбеу әйнектерді пайдалану жазда қызып кету тудыратын сияқты көрінуі мүмкін. Оңтүстік қабырғаны көкжиекке доғал бұрышпен жылтырату кіріс жүктемесінің талаптарына көбірек сәйкес келеді. Ол қыста, күн көкжиекте кезде еркін, ал жазда күн жерге жақын болған кезде жылуды азырақ еңгізуге мүмкіндік береді.

1.8 Жылу техникалық есебі

Жылу техникалық есебі сыртқы қабырғаның және оқшаулау қабатының қалыңдығына негізделген. Зерттелетін құрылымның жылу беруге жалпы кедергісі жылудың бірқалыпты ағынында және берілген климаттық және санитарлық жағдайларда сол құрылымның жылу беруіне қажетті кедергісінде анықталады. Бірінші қабат – монолитті темірбетон, екінші қабат – жылу блогы.

Шешуі:

$t_{\text{в}} = 20^{\circ}\text{C}$ – ішкі ауаның есептің мәні;

$t_{\text{н}} = 28^{\circ}\text{C}$ – сыртқы орташа температура суық тәулік үшін;

$\Delta t^{\text{н}} = 6$ – ішкі бетінің температурасы мен ішкі ауа температурасының арасындағы нормативтік температураның айырмашылығы;

$\alpha_B = 8,7$ – ғимарат конвертінің ішкі бетінің жылу беруінің тең коэффициенті;

Қоршау құрылымының жылу беруіне қажетті кедергісі:

$$R_0^{mp} = \frac{n(t_B - t_H)}{\Delta t_H \cdot \alpha_B} = \frac{1 \cdot [20 - (-28)]}{6 \cdot 8,7} = 1,06 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Жоспарланған қабырға құрылымының жылу беруге төзімділігін анықтау:

Сыртқы қабырғаның ішкі қабат құрылысы:

1 қабат – тегістеу, цементті-құмды араласқан сылақ, қалыңдығы $\delta_1 = 150$ мм; жылу өткізгіштігі $\lambda_1 = 0,93 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$;

2 қабат – темірбетон қабырға, қалыңдығы $\delta_2 = 300$ мм; жылу өткізгіштігі $\lambda_2 = 0,31 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$;

3 қабат – сылақ, цементті-құмды араласқан сылақ, қалыңдығы $\delta_3 = 20$ мм; жылу өткізгіштігі $\lambda_3 = 0,87 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$;

Ғимаратымыздың қабырға қабат түрлерін ескере отырып, термиялық жылу кедергісін есептеп анықтаймыз:

$$R_0^{\text{факт}} = \frac{1}{\alpha_B} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{1}{\alpha_H} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,15}{0,93} + \frac{0,30}{0,31} + \frac{0,02}{0,87} + \frac{1}{23} = 1,31$$

Шартты тексереміз:

$$R_0^{mp} \leq R_0^{\text{факт}}$$

$$R_0^{mp} = 1,06 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт} \leq R_0^{\text{факт}} = 1,31 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Шарт орындалды, демек осы 300 мм қалыңдығы сақталады.

2 Ғимараттың негізгі конструктивтік есебі

2.1 Ғимараттың конструктивтік шешімі

Бұл бөлімдерде «LIRA – SAPR» бағдарламасын қолдана отырып, есептік схемасынан және ғимараттың барлық жүктемелерін жинақтау мен ара-жабын есебінен тұрады.

Есеп Алматы қаласында қызмет көрсету объектілері бар көп пәтерлі тұрғын үйге жүргізіледі. Ғимаратымыз темірбетонды қаңқалы, іргетас терең орналасқан жабындарына тірелген тұтас монолитті плитадан тұрады. Кеңістіктік аралас рамалы-байланыстырғыш қаңқасы, «LIRA – SAPR» бағдарламасында шектік күйлер әдісі арқылы құралған кеңістік байланыстырғыш жүйе болып есептелінеді. Ғимарат сейсмикасы бар қалада орналасқандықтан, сейсмика әсер еткен жағдайда ось ішілік айналады, сол себепті ішкі қабырға тақталарын көбейту арқылы ғимараттың беріктігін күшейтеміз. Ғимаратты жобалауда Еврокодтық нормаларды қолданамыз.

2.2 Жүктемелердің үйлесімі

Жалпы жүктемелер үйлесімін «LIRA – SAPR» бағдарламасында жүргізіледі.

Есептеулер ҚР ЕЖ EN 1990 «Күш түсіретін конструкцияларды жобалау негіздері» құжатының шарттарына сай шығарылды. Есептік жел жүктемелері ҚР ЕЖ EN 1991 «Ғимаратқа әсер ету және жүктемелер» құжатының талаптарына сәйкес қабылданды.

2.1 Кесте – Жүктемелер үйлесімі

Жүктемелер		Қабат қалыңдығы, м Тығыздығы, кг/м ³	Сипаттамалық жүктеме, кг/м ²
1	Ғимараттың өз салмағы		автоматты
2	Аражабын тақтасы (жертөле үшін)		
	Гидрофобты желіммен керамзит плиткасы	0,012 2600	31,2
	Битумды гидроизоляциясы	0,005 1900	9,5
	Цемент-құмды төсеніші	0,1 2000	200
	Жабын	0,16 2500	400
			Барлығы: 240,7
	Аражабын тақтасы (типтік қабат үшін)		
	Ламинад	0,012 4500	54
	Цемент-құмды төсеніші	0,1 2000	200
	Гидрофобты желіммен керамзит плиткасы	0,012 2600	31,2

2.1 Кесте-жалғасы

Жүктемелер		Қабат қалыңдығы, м Тығыздығы, кг/м ³	Сипаттамалық жүктеме, кг/м ²
	Жабын	0,16 2500	400
	Барлығы: 285,2		
	Тік шатыр үшін		
	Тротуар плиталары	0,06 2500	150
	Құмды-цемент қопсытқышы	0,05 1800	90
	Дренажды қабат	0,15 1600	240
	Жылуоқшаулағыш	0,05 80	4
	2 қабатты гидроизоляция	0,01 1300	13
	Геотекстиль	0,003 350	1,05
	Жабын	0,16 2500	400
	Барлығы: 498,05		
3	Қабырға биіктігі 3 м		
	Самонесущих стен		
	Гранитті плиталар	0,02 2600	52
	Гидрофобизиролванды плита	0,05 30	1,5
	Мин плита	0,09 100	9
	Ж/б қабырға	0,2 2500	500
	Барлығы: 562,5		
	Перегородка		
	Полимерлі штукатурка	0,02 1800	36
	Гидрофобизированды плитка	0,05 30	1,5
	Мин плита	0,07 100	7
	Ж/б қабырға	0,2 2500	500
	Барлығы: 544,5		
	Парапет		
	Монолит	0,15	90
	Экструдированды пенополистирол	0,5 40	2
	Беткі кірпіш	0,12 1800	108
	Барлығы: 200		



2.1 Кесте-жалғасы

4	Топырақ түрі	Сипаттамасы
	Қиыршық тасты топырақ	$E=780 \text{ кгс/см}$
		$c = 0$
5	EN 1991 бойынша уақытша жүктемелер	
	Жабын тақтасы	$2 \text{ кН/м}^2 = 0,2 \text{ т/м}^2$
	Шатыр	$0,4 \text{ кН/м}^2 = 0,04 \text{ т/м}^2$
	Баспалдақ	$2 \text{ кН/м}^2 = 0,2 \text{ т/м}^2$

Собственный вес:




Собственный вес:



Сурет 2.1 – Ғимараттың өз салмағы

Ғимаратта конструкциялардың өзіндік салмағын ЛИРА-САПР бағдарламасы автоматты түрде есептейді.



Сурет 2.2 – Жүктемелердің үйлесімі

Есептеуге алынатын жүктемелер қатары:

Жүктеме 1 – Ғимараттың конструкцияларының өз салмағы;

Жүктеме 2 – Аражабын мен еденнен, топырақтан түсетін салмақ;

Жүктеме 3 – Қоршау конструкцияларынан түсетін салмақ;

Жүктеме 4 – Фондаментке әсер ететін тұрақты жүктеме;


Жүктеме 5 – Ғимаратқа әсер ететін қысқамерзімді уақытша жүктеме;

Жүктеме 6 – Ғимаратқа түсетін қар жүктемесі;

Жүктеме 7,8,9,10 – Ғимаратқа әсер ететін +/- бағытындағы X және +/- бағытындағы Y жел жүктемелері;

Жүктеме 11,12,13 – X, Y, Z бағыттарындағы ғимарат сейсмикасы.

Алматы қаласы құрылыс ауданы бойынша EN 1990, EN 1991, EN 1998 құжаттамаларын пайдаланып шығарылды, «Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс» нормативтік құжаттамасына сәйкес сейсмикалық аудан 9 баллды құрайды және «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер» желді аудан (III) болып табылады.



Сурет 2.3 – Лира-Сапр бағдарламасы бойынша динамикалық күштер

2.3 Ара-жабын есебі

Арматура қадамын орналастыру және диаметрін анықтап алу үшін, беріктігін қамтамасыз ету үшін монолитті ара-жабынның конструкциясының есебін шығарамыз.

Ара-жабынды жобалауды ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011 «Арматураны алдын-ала кернемей, ауыр бетоннан жасалған бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау» құжаттамасы бойынша орындаймыз.

Ғимаратымыз бойынша бастапқы деректер (Лира-Сапр бағдарламасындағы)

Ара-жабын ұзындығы: $L=5,8$ м (Х бағыты)

Ара-жабын ені: $B=6,9$ м (У бағыты)

Ара-жабын қалыңдығы: $t=20$ см

Бетон класы – С25/30

$f_{ck}=25$ МПа – бетон сығылуға нормативтік кедергісі.

$f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot f_{ck} / \gamma_c = 0,85 \cdot 25 \text{ МПа} / 1,5 = 14,17 \text{ МПа}$ – бетонның сығылуға есептік кедергісі;

Жұмыстық арматура класы – S500;

$f_{yk} = 500$ МПа – арматураның созылуға нормативтік кедергісі;


$f_{yd} = f_{yk} / \gamma_s = 500 \text{ МПа} / 1,15 = 435 \text{ МПа}$ – арматураның созылуға есептік кедергісі;

Максималды иілу моменті – $M_y = 0,464$ т·м (У бағыты бойынша)

Максималды күш – $N_y = 4,43$ т/м² (У бағыты бойынша)

Ара-жабын конструкциясын есептегенде ара-жабынға әсер ететін күштердің барлығын ескеріп, ең қолайсыз жағдайды қарастыратын боламыз. Ол

сәйкесінше ең қолайсыз жағдай У бағытында. Өйткені, У бағытында N күшінің ең үлкен мәні жатыр.



Сурет 2.4 – Ара-жабынның Z бағыттағы жалпы иілу изополяциясы. Ара-жабынға жүктемелерді жинақтау

Тақтаның конструкциялық ұзындығын есептеу және орнату:

$$l_{eff} = l - 0,5b = 6900 - 0,5 \cdot 150 = 6825 \text{ мм}$$

$$l_k = l - 0,5b - 2 \cdot 10 = 6900 - 0,5 \cdot 150 - 20 = 6845 \text{ мм}$$

Көп қуысты қимасының биіктігі (диаметрі 14 см, 6 дөңгелек қуыс) тақталар:

$$h = \frac{l_{eff}}{30} = \frac{6825}{30} = 272,5 \text{ мм} \rightarrow 300 \text{ мм}$$

Бөлімнің жұмыс биіктігі келесідей анықталады:

$$d = h - c = 200 - 30 = 170 \text{ мм}$$

мұндағы h – қиманың биіктігі;

c – қорғаныс қабаты.

Жоғарғы және төменгі сөрелердің қалыңдығы өлшемдері:

$$h_{f\text{жоғары}} = (20 - 14) \cdot 0,5 = 3 \text{ см}$$

$$h_{f\text{төменгі}} = 20 - 14 - 3 = 3 \text{ см}$$

Жиектерінің ені: ортасы – 7 см, шеткі – 10,5 см.

Бірінші топтың күйлерінің қимасының сығылған сөресінің есептік қалыңдығы:

$$h_f = 3 \text{ см}$$

Қатынасы:


$$\frac{h_f}{h} = \frac{3}{20} = 0,15 > 0,1$$

Бұл ретте барлық сөренің ені:


$$b_f = 140 - 3 = 137 \text{ см};$$

Жиіктің есептік ені:

$$b = 140 - 6 \cdot 14 = 56 \text{ см};$$



Сурет 2.5 – Тақтаның есептік көлденең қимасы



Сурет 2.6 – Көп қуысты тақтаның сұлбасы

Бойлық арматураны есептейміз:

C25/30 класты бетонның осьтік сығылуға тән кедергісі $f_{ck}=25$ МПа. Бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_c = 1,5$.

Бетонның осьтік сығылуға есептелген кедергісі:

$$f_{cd} = a_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{25}{1,5} = 14,16 \text{ МПа}$$

Алдын-ала кернеуленбеген арматура классы S500, конструктивті түрде $A_{s1} = 314 \text{ мм}^2$ 4Ø10 қабылдаймыз.

S600 класты жұмыс арматурасының созылуға сипаттамалық кедергісі. Әрі қарай жұмыс арматурасының есептелген кедергісін анықтаймыз:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{600}{1,15} = 522 \text{ МПа}$$

Тиімді қима ені:

$$b_{eff} = 1400 - 30 = 1370 \text{ мм}$$

Тақтаның моментін анықтаймыз:

$$M_{Ed.max} = \frac{q \cdot l^2}{8} = \frac{19,89 \cdot 6825^2}{8} = 115,8 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз:

$$a_m = \frac{M_{ed}}{f_{cd} * b * d^2} = \frac{115,8 * 10^6}{14,16 * 1370 * 170^2} = 0,206$$


$$\xi = 1 - \sqrt{1 - 2a_m} = 1 - \sqrt{1 - 2 * 0,206} = 0,233$$

НТҚ ҚР 02-01-1.2-2011 7.2.2 ережеге γ_{s3} коэффициентін S500 классты арматура үшін ескермеуге болады.


$$A_{p1} = \frac{\xi * f_{cd} * b * d - f_{yd} * A_{s1}}{\gamma_{s3} * f_{p0.1d}}$$

$$= \frac{0,233 * 14,16 * 1370 * 170 - 522 * 314}{522} = 1158$$

Сортамент кестесінен созылған жұмыстық арматураны қабылдаймыз: 4Ø22 S600 ($A_{p1} = 1520 \text{ мм}^2$)



Сурет 2.7– Көп қуысты тақтаны арматуралауы



Сурет 2.8– Тақтаның есептік схемасы

Көлденең арматураны есептейміз, S240 класты көлденең арматураның сипаттамалық кедергісі – 208,7 МПа. Ені 1400 мм тақталар үшін:

$$k = 1 + \left(\frac{200}{d}\right)^{\frac{1}{2}} = 1 + \left(\frac{200}{170}\right)^{\frac{1}{2}} = 2,084$$

$$p_l = \frac{A_{s1}}{b_w \cdot d} = \frac{1520}{1370 \cdot 170} = 0,0065 < 0,02$$

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{\gamma_c} \right) \cdot k \cdot (100 p_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d =$$

$$= \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \right) \cdot 2,084 \cdot (100 \cdot 0,0065 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 560 \cdot 170 = 69302 \text{ Н} = 69,30 \text{ кН}$$

$$V_{Rd,c \min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d =$$

$$= \left[0,035 \cdot 2,084^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 560 \cdot 170 = 29,31 \text{ кН}$$

$$V_{Ed,max} = 19,89 \cdot \frac{6,825}{2} = 67,8 \text{ кН}$$

$$V_{Ed,max} < V_{Rd,c}$$

$$67,8 \text{ кН} < 69,30 \text{ кН}$$

Бірінші есептік қиманы тіректен $d_z = 100 \text{ мм}$ қашықтықта тағайындаймыз.

Көлденең арматура орнатамыз, конструкциялық пайымдауларға негізделген арматура.

Есептік аймақ болып:

$$a_w = \frac{V_{Ed} - V_{Rdc}}{g + p} = \frac{67,8 - 29,31}{19,8} = 1,94 \text{ м}$$

Көлденең арматурасы бар қима қабылдайтын есептік көлденең күш бұл қимадағы көлденең күшке тең:

$$V_{Rd.sy} = V_{Ed} = 29,3 \text{ кН}$$

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s=100 \text{ мм}$.


$$A_{sw1} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{s}{0,9d} \cdot \tan\theta = \frac{29,3 \cdot 10^3}{208,7} \cdot \frac{100}{0,9 \cdot 170} \cdot \tan 30^\circ = 52,97 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: $A_{sw1} = 616 \text{ мм}^2$ 4d14 мм $S=100 \text{ мм}$

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot S}{z \cdot f_{ywd} \cdot \cos\theta} = \frac{64,8 \cdot 150}{153 \cdot 208,7 \cdot \cos 40^\circ} = 255 \text{ мм}^2$$


$$z = 0,9d = 0,9 \cdot 170 = 153 \text{ мм}$$

Сортамент кестесінен көлденең арматураны қабылдаймыз: 4Ø10 S240 ($A_{sw} = 314 \text{ мм}^2$).




Сурет 2.9 – Аражабын тақтасының ішкі күштер эпюралары

Арматуралық шыбықтардың дәнекерлеу жағдайынан біз арматураны тағайындаймыз. Сығылған аймақ $A_{s1} = 152,0 \text{ см}^2$, (4Ø22 мм) S600 және $A_{sw} = 3,14 \text{ см}^2$, көлденең арматурасы (4Ø10 мм) S240.



Сурет 2.10 – Тақтаның есептік көлденең қимасы



Сурет 2.11 – Аражабын тақтасының көлденең арматуралануы

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы

3.1 Жұмыстың көлемін анықтау

Жұмыстың жалпы көлемін анықтау арқылы біз осы ғимаратты салынып аяқталу уақытын анықтай аламыз. Құрылыстың смета бөлігін анықтау үшін де құрылыстың өндірістік технологиясын есептеп алу маңызды.

Іргетасты орналастыру басталғанға дейін бірнеше жұмыстар орындалған болуы маңызды. Олар: қазаншұңқырдан жер үстінің суларын бұру, құрылыс автокөліктерінің жолдары мен құрылысшылар жүретін жолдар салынған болуы, қозғалыс бағыт жолдары мен арматура мен қалыптар орындарының болуы, монтаждау жайылд

1) Уақытша қоршауды есептеу:

$$P_{\text{огр}} = (20 + l_1) \cdot 2 + (20 + l_2) \cdot 2 = (20 + 32.5) \cdot 2 + (20 + 18) \cdot 2 = 181\text{м}$$

мұндағы:

l_1, l_2 – ғимараттың ұзындығы мен ені;

2) Өсімдік қабатын кесу:

$$S_1 = (10 + l_{1\text{п.в}} + 10) \cdot (10 + l_{2\text{п.в}} + 10) = (10 + 39,3 + 10) \cdot (10 + 24,8 + 10)$$

$$S_1 = 2656 \text{ м}^2$$

$$l_{1\text{п.в}} = l_{1\text{п.н}} + 2mh = 35.1 + 2 \cdot 0,5 \cdot 4,2 = 39,3 \text{ м}$$

$$l_{2\text{п.в}} = l_{2\text{п.н}} + 2mh = 20,6 + 2 \cdot 0,5 \cdot 4,2 = 24.8 \text{ м}$$

мұндағы:

$l_{1\text{п.в}}$ – шұңқырдың үстіңгі жағындағы ұзындығы, м;

$l_{2\text{п.в}}$ – шұңқырдың үстіңгі жағындағы ені, м;

$l_{1\text{п.н}}$ – түбі бойынша шұңқырдың ұзындығы, м;

$l_{2\text{п.н}}$ – түбі бойынша шұңқырдың ені, м;

$$l_{1\text{п.н}} = l_1 + (1,3 \cdot 2) = 32,5 + 2,6 = 35,1 \text{ м}$$

$$l_{2\text{п.н}} = l_2 + (1,3 \cdot 2) = 18 + 2,6 = 20,6 \text{ м}$$

мұндағы:

m – тік еңістік коэффициенті;

h – іргетас табанының биіктігі, м;

1,3м – ось пен еңістік түбі арасындағы қашықтық адамның кіруіне

арналған;

$$V_{\text{ср}} = S_{1(a)} \cdot 0,15 = 2656 \cdot 0,15 = 398,4 \text{ м}^3$$

3) Қазаншұңқырдың жалпы ауданы:

$$V_k = h/6[(2 \cdot l_{1п.н} + l_{1п.в}) \cdot l_{2п.н} + (2 \cdot l_{2п.в} + l_{2п.н}) \cdot l_{2п.в}] =$$

$$= 4,2/6[(2 \cdot 35,1 + 39,3) + (2 \cdot 20,6 + 24,8) \cdot 24,8] = 2790 \text{ м}^3$$

мұндағы:

h – қазаншұңқыр тереңдігі, м;

4) Топырақ тапшылығы:

$$V_{\text{недоб.}} = F_k \cdot \Delta h_H = 723,06 \cdot 0,1 = 72,3 \text{ м}^3$$

мұндағы:

F_k – шұңқырдың түбінің ауданы, анықталады:

$$F_k = l_{1пн} \cdot l_{2пн} = 35,1 \cdot 20,6 = 723,06 \text{ м}^2$$

5) Іргетас үшін бетон дайындау:

Майда топырақтар үшін майсыз бетоннан бетонды дайындау үшін монолитті іргетастардың астыеда орналасады.

Бір іргетас үшін бетонды дайындау көлемін есептеу:

$$W_{\Pi} = F_{\Pi} \cdot h_{\Pi} = 101 \cdot 0,1 = 10,1 \text{ м}^3$$

мұндағы:

h_{Π} – бетонның дайындамасының қалыңдығы, 0,1м;

F_{Π} – дайындық ауданы, анықталады:

$$F_{\Pi} = 2(a_1 + b_1) = 2(32,5 + 18) = 101 \text{ м}^2$$

6) Іргетас үшін арматураны монтаждау, $g - 1 \text{ м}^3$ бетон үшін:

$$G_1 = g \cdot V_{\Phi} = 100 \cdot 115,14 = 11514 \text{ кг}$$

$$V_{\Phi} = (h_{\Phi(в)} \cdot 0,3 \cdot P_{\text{фунд.}}) + (h_{\Phi(н)} \cdot 0,8 \cdot P_{\text{фунд.}}) =$$

$$= (3,0 \cdot 0,3 \cdot 101) + (0,3 \cdot 0,8 \cdot 101) = 115,14 \text{ м}^3$$

мұндағы:

$h_{\Phi(н)}$ – іргетастағы негіз биіктігі;

$h_{\Phi(в)}$ – ғимараттың жертөле биіктігі;

7) Іргетастың гидроизоляциясы:

$$S_{\text{гидр.}} = [(h_{\Phi(в)} \cdot P_{\text{наруж.стен}}) + ((0,25 + 0,3) \cdot P_{\text{наруж.стен}})] \cdot 2 =$$

$$= [(3,0 \cdot 101) + ((0,25 + 0,3) \cdot 101)] \cdot 2 = 717 \text{ м}^2$$

8) Топырақтың тығыздалуы:

$$V_{\text{оз}} = \frac{V_k - V_{\text{ф}} - V_{\text{под}}}{1 + K_{\text{ор}}} = \frac{2790 - 115,14 - 1755}{1 + 1,03} = 453,1 \text{ м}^3$$

$$F_{\text{упл}} = \frac{V_{\text{оз}}}{h_y} = \frac{453,1}{0,3} = 1510 \text{ м}^2$$

мұндағы:

$V_{\text{оз}}$ –топырақ толтыру көлемі, м^3 ;

2.1 Кесте – Жүктемелер үйлесімі

№	Процесстердің аталуы	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі
1	Уақытша қоршау	м	18,1
2	Өсімдік қабатын кесу	м^3	0,398
3	Топырақ тапшылығының дамуы	м^3	72,3
4	Іргетастың гидроизоляциясы	м^2	771,0
5	Кері толтыру	м^3	4,53
6	Топырақтың тығыздалуы	м^2	151,3

3.2 Жер жұмыстары үшін кешенді механикаландырылған әдістерін таңдау

Бұл процессте барлық жұмыстардың технологиялық тізбегі орналасу ретіне сәйкес бір-бірін толықтырып, үйлесімді машиналар ретінің жиынтығымен жүзеге асырылады.

Әрине, жұмыс орындалу барысына қарай да машина түрлерін таңдағанда топырақ түрі, оның құрылымының мөлшері және жер асты суларының деңгейі әрі жұмыс маусымы да ескерілуі қажет.

Бульдозердің ауыстырылатын жұмыс өнімділігін анықтау.

Бульдозер ДЗ-37

$$P_3 = \frac{60 \cdot T \cdot q \cdot \alpha \cdot K_B}{T_n + T_n + \frac{l_r}{V_r} + \frac{l_n}{V_n}} = \frac{60 \cdot 8 \cdot 0,5 \cdot 1,25 \cdot 0,75}{0,36 + 0,07 + \frac{50}{44} + \frac{50}{93}} = 106$$

$$V_r = 2,65 \text{ км/сағ} = 44 \text{ м/мин}$$

$$V_n = 5,6 \text{ км/сағ} = 93 \text{ м/мин}$$

мұндағы:

T – бульдозер ауысымы үшін жұмыс ұзақтығы, 8 сағат;

q – үйіндімен қозғалатын топырақтың көлемі, м^3 ;

α – коэффициент, қозғалыс кезінде топырақтың жоғалуын ескереді, $\alpha = 1 + 0,005 \cdot l_r$;

K_B – уақыт бойынша машинаны пайдалану коэффициенті (біздің жағдайда қопсытылған тасты топырақ үшін 0,75);

T_H – топырақтың жиынтығына уақыт өлшемі, мин.

T_n – жылдамдық ауыстыру үшін қажет уақыт, мин

l_r, l_n – жүкпен қозғалудың шамамен қашықтығы,

V_r, V_n – бульдозер жүктелген топырақты жылжыту және алдыға соғу кезіндегі жылдамдығы, м/мин;

Экскаваторды шұңқырдағы топырақ көлеміне қарай таңдаймыз.

Экскаватор ЭО-5122

Экскаватордың түрі үшін шұңқырдың 1 м^3 топырақтың құнын анықтауға:

$$C_{(1,2)} = \frac{1,08 C_{\text{маш.-смен}}}{P_{\text{см.выр.}}} = \frac{1,08 \cdot 42000}{279} = 162,5 \text{ тг}$$

мұндағы:

1,08 – коэффициент үстеме шығындар үшін;

$C_{\text{маш.-смен}}$ – экскаватор станок ауысымының бағасы;

$P_{\text{см.выр.}}$ – топырақтың дамуын ескеріп, көлікке тиеу арқылы экскаватор ауыстырмалы қазу;

Ауысымдық өнімді анықтау:

$$P_{\text{см.выр.}(1,2)} = \frac{V_k}{\sum N_{\text{маш-смен}}} = \frac{2790}{10} = 279$$

мұндағы:

$\sum N_{\text{маш-смен}}$ – экскаватор машиналық ауысымының жалпы саны;

Қазаншұңқыр үшін:

$$\sum N_{\text{маш-смен}} = \frac{(V_k \cdot H_{\text{вр}} + V_{\text{тр.с.}} \cdot H_{\text{вр}})}{8,2 \cdot 100} = \frac{(2790 \cdot 2,2 + 900 \cdot 2,8)}{8,2 \cdot 100} = 10 \text{ (ауыс.)}$$

мұндағы:

$H_{\text{вр}}$ – қазу циклі стандартты ұзақтығы;

V_k – іргетастың шұңқыр көлемі;

$V_{\text{тр.с.}}$ – траншеяның көлемі;

